



**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Ж.ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ №10 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ**

Қаралды:
директордың ТІЖ
орынбасары:
Токтарқызы М.

26.08.2022 жыл

Келісемін:
директордың ОІЖЖ
орынбасары:
Даржанова М.Х.

27.08.2022 жыл



«Әділет» дебат үйірмесінің жұмыс жоспары

Сыныптар: 9-11 сынып оқушылары
Үйірме жетекшісі: Қарабалаұлы Қайрат

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022-2023 оқу жылы.

ТҮСІНІК ХАТ

«Пікір-сайыс - сөз додасы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі - бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама - қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Олар жақтау және дағтау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір - талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес. Пікір - талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың лидерлерін анықтауға тигізер септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршендігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады. Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадаларда оқушылар тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікір – сайыстарда олар жан - жақты, әр түрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады. Пікір - сайыстардың әдеттегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Үйірме оқушының тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікір - сайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

Үйірменің мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектеп ішінде пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Дамытушылық: Шығармашылық жұмыстар орындату арқылы оқушылардың ой-өрісін, жоспар құру, тезиз жазу

Үйірменің міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру;
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтанш сезімдерін қалыптастыру
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу;
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу;
- Оқушының өзін - өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету;
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз;
- Білікті, оқу - тәрбие беру;
- Мектептің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді;
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;

- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады;
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді;
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді;
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады;
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады;
- Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Американдық Парламентті форматы. 2000 жыл
2. Американдық Парламенттік формат дебат элементі. 2004 жыл
3. СТО жобасының тұрақты журналы «Дауыс пен көрініс»
4. Мектеп және жоғары оқу орындары: ой қозғағыштар, ізденістер, табыстар 74 бет, 2005 жыл
5. Халықаралық ғылыми-әдістемелік журналы «Перемена» - журналдағы журнал материалдары, 2008-2010 жыл
6. «Қазақстан мектебі» журналы №3 2012 жыл 25 бет, 56 бет «Толерантты тұлға». 60 бет
7. «Қазақстан мектебі» журналы №2 2012 жыл 33 бет, «Ұлттық құндылықтарды танытудағы педагогикалық технологиялардың маңызы»
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 2008 жыл
9. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық «Аруана» - 2005 жыл
10. Қазақстан ұлттық энциклопедия. Алматы 1999, №2,3,7,10
11. «Сөз өнері» З.Қабдолов
12. «Әдебиет теориясы» Қ.Жұмағалиев
13. «Қазақ халқының философиялық мұрасы» 2007 жыл
14. «Сөз мәйегі» (мақал-мәтелдер) - 2007 жыл
15. БАҚ құралдары.(Мемлекеттік басылымдар)
16. Ғаламтор мәліметтері.

«Әділет» дебат үйірмесінің жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Теориялық бөлім	Практикалық бөлім	Әдістемелік байланыс	Ізденіс, қосымша жұмыстар	Күтілетін нәтиже
1	Кіріспе	2	Пікір-сайыс деген не? Пікір-сайыстың форматтары (АПФ, БПФ, ЛД, ПДФ, Карлл Попер) (1 сағат)	Пікір сайыстыру қабілетін байқау, ашу. Этикалық ұғымға (1 сағат)	СТО, зерттеу, тыңдау, жазу	1.Қазақтың би шешендері, олардың тағылымдары 2.Қазіргі пікір-сайыс форматтары 3. Мектеп лигасы туралы ақпарат	-жұрт алдында еркін сөйлейді; -дикциясын қояды.
2	Тақырып (Қарар)	4	Американдық Парламенттік формат туралы түсінік. Пікір-сайыс үлгісінің негізгі элементтері. Қарар.Қарардың түрлері, жазу тәртібі, үлгілері (2 сағат)	Қарар шығару. Қарар сараптамасы Қарар (тақырып) (2 сағат)	1.Қазақ әдебиеті; Тақырыппен идея. 2.Топтастыр стратегиясы. СТО	1.Ақын-жазушылардың қанатты сөздері 2.Мақал-мәтелдер 3.БАҚ құралдары, энциклопедиялар 4.Тақырып таңдау кеңесіне жүгіну	-Өміршең тақырыпты еркін ажыратады; -Тақырып таңдау саясатында ой еркіндігі артады.
3	Критерий (мақсат)	2	Критерий-мақсат. Тақырыпқа мақсат қою (1 сағат)	1.Қарарға арнап критерий шығару мен оған сараптама жасау 2.Критерийді негіздеу. 3. Критерийдің қарар және аргументтермен байланысы (1 сағат)	1.Қарарды сипаттауда критерийдің сәйкестігі, нақтылығы, әдістемесі. К.Поппер пікір-сайыс әдістемесі 2.Топтастыру стратегиясы 3.Ұқсастық пен даралық стратегиясы	1.Құндылық ұғымына көркем әдебиет құралдарын іздеу (түртіп алу стратегиясы) 3.Шығыс ғұламаларының еңбектерін зерттеу	-Идеяның құндылығын ажыратады; -Әр іске мақсат қоюды біледі.
4	Дефинициялар (анықтамалар)-негізгі ұғымдарды анықтау	2	Қарардағы негізгі ұғымдарды анықтау.Анықта маларға қажетті шектеулер қойылады.Анықт ама-қарарды зерттеу бағытын анықтау құралы. (1 сағат)	-Энциклопедиялық сөздіктермен жұмыс -Түсіндірме сөздік -Қазақ тілі грамматикасы (1 сағат)	Әдебиет теориясы.Қазақ тілі лексикологиясы	1.Кітапхана қорымен жұмыс. 2.Соңғы 5 жылдағы БАҚ құралдарымен жұмыс.	-Сөздің толық мағынасын анықтайды; -Сөздерді орын тәртібі арқылы қолданып, әдемі сөйлейді.
5	Аргументтер	4	1.Аргумент құрастыру, құрылысы, негіздеу түрлері 2.Критерий мен аргумент арасындағы байланыс (2 сағат)	1.Аргумент құрастыру.Ойын барысында 2,3,5 аргумент болған дұрыс 3.Дәлелдейтін дәлелінің негізгі жобасы екенін ұғыну (2 сағат)	Пікір-сайыс парағы.Теледебат үлгілерімен салыстыру.Саяси дебат жұмыстары. - СТО.Презентация - Екі жақты күнделікті стратегиясы	1.БАҚ құралдары 2.Ғаламтор сауалдары 3. «Мақал сөздің мәйегі» кітабы	-Шешім қабылдап үйренеді; -Жоба, бизнес жоба жасай алады.
6	Дәлелдер (факты)	2	1.Зерттеу мен дәлелдер. 2.Мәлімет жасау, статистикалық мәлімет, шолулар, мысалдар мен сұқбат.Ғаламтор мәліметі (1 сағат)	1.Мәлімет алынатын мәтінмен жұмыс істеу 2.Дәлелдер парағын дайындау.Бір аргументке нақты 2,3 дәлел жатады (1 сағат)	СТО.Кубизм әдісі.Дәлел күшті болу үшін бір емес, алты қырынан қарап бір мәселесіне келу керек.	Қайнар көздің беделдігі мен объективтілігі	-Әділ шешім шығарады, әділ көзқарас туындайды.
7	Жақтау кейсі	2	Кейс-	-Жақтау кейсіні	Венн	-Ғаламтор	-Сөйлеу мәдениеті

			жұртшылыққа ұсынылатын спикердің сөзі. Ол қарар, критерий, аргумент, факті, қорытындыдан тұрады. Жақтау кейсінің құрылымы, үлгісі (1 сағат)	құрастыру -Даттау кейсінен өзге екенін түсіндіру (1 сағат)	диаграммасы	мәліметтерін жинақтау, түрлі презентацияларды таңдау	дамиды; - өз «менін» ашады.
8	Даттау кейсі	2	Даттау кейсінің құрылымы. Теріс теудің 3 деңгейі: қарарды интерпретациялау, критерийді терістеу, аргументтер тізбегін терістеу (1 сағат)	Контраргументтер ұсыну -Даттау кейсінің үлгісі, құрастыру (1сағат)	К. Поппердің терістеу стратегиясы -Кубизм стратегиясы	-Ғалымдардың пікірі, немесе олардың ойы - Арнайы мамандармен сұхбат -Нақты фактілер жинақтау БАҚ құралдары және ғаламтор мәліметтері	-Әрбір істің ақ пен қарасын таниды; -Ақтап алу әрекетіне жұмыс жасайды; -Оппозиционер ұғымын терең ұғынады; -Өзінше ойын өткізеді, оны қорғайды.
9	Спикерлердің міндеттері	2	1. Спикерлердің рөлдері 1-спикер-конструктивті, 2-спикер-дамытушы 3- қорытындылаушы 2. Спикерлерді бағалау критерийлері (1сағат)	Кемшіліктер мен қателіктерді іздеу, табу, оны дұрыстау әдістері. Стилмен ұсынылған ба? Спикерлердің сөйлеу уақыты бар. Көз бе, көз байланыс (1 сағат)	- Психологиялық тепе-теңдік -Ұстамдылық этикасы - Әдеп айтысы - ББҰ стратегиясы. СТО. -Өзін-өзі тәрбиелеу этикасы	-Бірғақ (дауыс) -Үзіліс -Дауыстылық -Дикция т.б. ұғымдарға қосымша мәліметтер жинақтау	Жаңа қоғамның жасөспірім моделін жасап шыға алады
10	Сұрақ - жауап	4	-Сұрақ-жауаптардың мақсаты, міндеті, нәтижелі сұрақ қою әдістері -Ашық және жабық сұрақтар (2 сағат)	Сұрақтардың тізбегін құрастыру -Қарсы сұрақ-жауап кезіндегі спикерлердің өзін-өзі ұстауды үйрету, ойын этикасын үйрету. Сұрақтардың ойын барысында 3 минуттың ішіне сыйымдылығын қарау (2 сағат)	СТО. -Жуан және жіңішке стратегиясы -Бағалау стратегиясы	1. Ғаламтордың әлеуметтік блогіндегі сұрақтарға шолу 2. БАҚ-ғы сауалдарға назар аудару 3. Психологтардың анкета сұрақтарымен танысу 4. «Көненің-көзі, ақылдың-кені». Халық еңбектерін парактау, түртіп алу	-Орынды сұрақ қойып үйренеді; -Өмірдің көп бөлігі сұрақтан құралып, сұрақтан жасалатынын ұғады.
11	Пікір-сайыс бәсекелері	4	-Бәсекелердің ұйымдастырылуы. -Пікір-сайыс бәсекелерін өткізудің ережелері мен кеңестері -Қарарды талқылауға барлық команданың тренерлері болуға міндетті. -Психологиялық тұрғыдан ойын элементтері. (2 сағат)	Пікір-сайыс бағдарламасын ойыннан бұрын сараптау керек. Пікір-сайыс клубтарын құру (2 сағат)	-Теледебат қарау -театр сахнасындағы актерлердің сөз саптауын қатерге алып жұмыстану -Сахна, трибуна мәдениеті	Үлкен сайыстардың өткізілуі сценариймен танысу, талқылау. Тәжірибелі ұстаздардан сұрап, білу қажет. Әлемдік тәжірибелерді басшылыққа алу	Өзіндік «мені» толық жетілген тұлға қалыптасады
12	Төрешілік	2	Міндетті шешім	Пікір-сайыс	-Тарих, құқық	Олимпиада,	-Мен біреуге баға

	студия мәдениеті		шығару сараптамасы.Бағалау тәртібі.Топты бағалау, спикерді бағалау әдісі. (1 сағат)	парағын (картасын) жүргізу (1 сағат)	пәні -маманмен сұхбат (әртүрлі саладағы төрешімен)	ғылыми жоба, түрлі-түрлі жобалардың, заң қызметкерлерінің қазылар алқасымен пікірлесу	беретін, жобаға сараптама беретін әділ шешім шығаратын халге жетемін.
13	Қорытынды	4	1.Бұқараны ойландырып жүрген тақырыптарды жинақтап, резолюциялар тізбегін жасау 2. Қанша резолюция сонша критерий дайындау Аргумент және фактілер жинақтау 3.Спикерлерді бағалау критерийлерін шығару 4.Төреші міндеттерін дайындау (2 сағат)	Практикалық жұмыс Практикалық жұмыс Ізденіс жұмыс Ізденіс жұмыс Ізденіс жұмыс (2 сағат)	Топтық жұмыс стратегиясы БАҚ құралдары. СТО.Түргіп алу стратегиясы	1.Ғаламторға саяхат 2.БАҚ құралдарына шолу 3.Бұқара халықтан сұрақ-жауап алу 1.Мамандарға жүгіну 2.Саяси, теледебат, түрлі сұхбат хабарларына шолу жасау	Ең үздік спикер атанады. Үздік сөз майталманы атанады. Жас қазақ елінің жаңа форматтағы жеке тұлғасы шығады.
		36 сағат	18	18			

«Әділет» дебат үйірмесінің практикалық бөлімі

№	Қарарлар тізімі БП	Пікір-сайысты өткізу форматы	Мерзімі
1	БП мемлекеттік тілді дамытудың неғұрлым тиімді тетігін ұсынады	АПФ	
2	БП Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуын орынды іс деп санайды	БПФ	
3	БП Қазақстан жастарының мемлекет алдында моральдық міндеттемелері бар деп есептейді	АПФ	
4	БП Қазақстанда әр облыс пен ірі мегаполистер өз бюджетін тәуелсіз басқару керек деп есептейді	БПФ	
5	БП Қазақ тілін насихаттаудың ең тиімді жолын ұсынады	АПФ	
6	БП Қазақстанда Атом электро станциясының салынуын қолдайды	БПФ	
7	БП Адам құқықтарына назар: Қазақстанда әйелдер мен балалардың құқықтары сақталған және қорғалуда деп есептейді	АПФ	
8	БП сайлауға қатысу деңгейі төмен аумақтардың тұрғындарына қосымша дауыс береді	БПФ	
9	БП ғарыштық ұшуларды шектеу (шектеу дегеніміз реттеу, бақылау, қадағалау, азайту) керек деп есептейді	АПФ	
10	БП пластикалық операцияларға тыйым салады	БПФ	
11	БП интернет жоқ әлемді таңдайды	АПФ	
12	БП спорттағы допингті заңдастырады	БПФ	
13	БП балалар үйінен бала асырап аларда таңдаусыз алады	АПФ	
14	БП экологиялық қылмыс жасаған транснационалды компанияларды елден қуу керек деп есептейді	БПФ	
15	БП ҚР-дағы жас отбасыларға, отбасы құрмас бұрын арнайы курстарға баруды міндеттейді	АПФ	
16	БП Қазақ футболына жұмсалатын қаражат ақталады деп есептейді	БПФ	
17	БП әлемдегі барлық су ресурстарын басқаруды халықаралық органға тапсырады	АПФ	
18	БП жануарларға зертханалық жұмыс жүргізуге тыйым салады	БПФ	

«Әділет» дебат үйірмесінің мүшелері:

I топ оқушылары

№	Аты-жөні	Сыныбы
1	Галиева Лаура	11 «А»
2	Төлеутаева Калима	11 «А»
3	Абдильнасырова Мария	9 «А»
4	Айткужинова Аида	9 «А»
5	Ерік Ердос	9 «А»
6	Нурмукашева Нурдана	9 «А»
7	Әбілхадыр Даяна	9 «Б»
8	Әлібек Гүлсім	9 «Б»
9	Егінбай Акерке	9 «Б»
10	Маликов Мадияр	9 «Б»
11	Сәрсенбек Алғыс	9 «Б»
12		

II топ оқушылары

№	Аты-жөні	Сыныбы
1	Сабит Айгерім	11 «Б»
2	Әлімжан Әмина	11 «Б»
3	Ералхан Мариям	11 «Б»
4	Нуретов Мухаммедазиз	11 «Б»
5	Тәжімұрат Бижан	11 «Б»
6	Төрехан Айдархан	11 «Б»
7	Аманжолова Айжан	10 «Б»
8	Жеңіс Жанар	10 «Б»
9	Сағи Нұрай	10 «Б»
10		
11		
12		

«Әділет» дебат үйірмесінің жұмыс кестесі:

№	Үйірме	Күні	Уақыты	Өтетін орны	Үйірме жетекші
1	I топ оқушылары	Сейсенбі	14:00-15:00	№31 кабинет	Қарабалаұлы Қ
2	II топ оқушылары	Бейсенбі	14:00-15:00	№31 кабинет	Қарабалаұлы Қ